

**М.Әуезов атындағы оңтүстік Қазақстан университетінің оқытушысы
6D010300– Педагогика және психология мамандығы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған
«Оқытушының арнайы қабілетін дамытудағы педагогикалық
толеранттылықтың психологиялық мазмұны» тақырыбындағы
Ботабаев Ғалымжан Еркебайұлының диссертациялық жұмысына
ғылыми консультанттың
ПІКІРІ**

Білім беру саласында қызмет ететін педагог мамандары үшін толеранттылық идеяларын жүзеге асыру өте өзекті болып табылады. Педагог пен білім алушылардың кәсіби өзара құзыреттілін дамытуда толеранттылық оқу процесі субъектілерінің жеке өзін-өзі дамыту қасиеттерін анықтауды, танымдық іс-әрекеттерінің әртүрлі тәсілдерін белсенді игеруді, жаңа білім беру мүмкіндіктерін үйрену қабілеттіліктерін анықтайды.

Докторант Ботабаев Ғалымжан Еркебайұлының жұмысында толеранттылық - бұл адамдардағы, пікірлердегі, көзқарастардағы адамдарға төзімділік қана емес, сонымен бірге өз құндылықтарын сақтай білу және даралық деп тоқталады. Жалпы толерантты мінез-құлық басқа дүниетанымдық көзқарастардағы адамдарға құрметпен қарау, жанашырлық пен диалогты басқара білу, жанжалды жағдайларды сындарлы шешу, оның қалыптасуы қазіргі заманғы білім беру процесінің маңызды құрамдас бөлігі ретінде талданды.

Ғылыми зерттеудің өзектілігінде толеранттылық – ол әрқашан бір нәрсеге қатысты және кейбір жағдайларда бұл құбылысты эмпирикалық түрде зерттеу іс жүзінде мүмкін емес. Сонымен, біз бұған дейін зерттеген бірқатар мақалалар мен монографиялар топтамасында оқытушының кәсіби толеранттылығын талдадық. Мұнда толеранттылық - кәсіби қызметке қойылатын негізгі талаптардың бірі болып табылады делінген. Бүгінгі таңда толеранттылық проблемаларын шешу – психологияда ізгілендіру қағидаларының бірі болып отыр. Толеранттылық тұлғалық сапа ретінде білім беру жүйесі қызметкерлерінің бірқатар кәсіби құзыреттерінің құрамдас бөлігі болып табылады. Оқытушылардың педагогикалық іс-әрекетінің және педагогикалық қарым-қатынасының авторитарлық стилі айқын көрінетін жеткіліксіз толеранттылығы оларда студенттерге деген жағымсыз психологиялық қатынастардың жиі туындауына әкеледі, бұл педагогикалық практикада бірқатар жағымсыз, кейде деструктивті салдар туғызады. Белгісіздікке интолеранттылық (шыдамсыздық – БИТ) студенттерді «әлсіз» немесе «күшті» деп жіктеп, жеткілікті негіздеусіз барынша тез анықтауға және бұл қарым-қатынасты мақсатты педагогикалық ықпал ету жүйесі арқылы бекітуге (студентте жағымсыз әсер қалдыру нәтижесінде педагогикада кең танымал болған Пигмалион эффектісі) әкелуі мүмкіндігін жан-жақты қарастырады.

Ботабаев Ғалымжан Еркебайұлының диссертациясы кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан және қосымшалардан тұрады. «Оқытушының

арнайы қабілетін дамытудағы педагогикалық толеранттылықтың психологиялық мазмұны» деп аталатын жұмысында қабілеттілік – адамның мінез-құлқын реттеп, оның тіршілік етуіне қызмет етеді, психикалық әрекеттің негізіне, шартына айналады. Қабілеттілікті анықтайтын қасиеттер: сезімталдық, байқағыштық, аңғарымпаздық, зеректік, ойлампаздық, көрегендік, зерделі-лік, идеяларды оңай туындата алушылық, сөз саптау еркіндігі, тұтас қабылдауға, ұғымдарды салыстыруға (алыстату, жақындату, қиыстыру, т.б.), топшылауға бейімділік және тағы да басқалар. Автор толеранттылықты дамыту арқылы оқытушылардың өз қабілетінің өз ырқына көну мен қалыптасу ерекшеліктерін айқындаған. Педагогикалық білім берудің ең жоғарғы мақсаты — жаңа тұрпатты мұғалімнің жалпы толеранттылығы және кәсіби дамуының үздіксіз жүргізілуі деп есептейміз. Бұл мақсатты жүзеге асыру кезінде оқытушы мен оның кәсіби білімі, іскерліктері мен дағдылары арасындағы үзіліп қалған байланыс толеранттылықты дамыту арқылы қайта жалғасын табу жүйесі ретінде қарастырғандығына назар аударған. Сонымен қатар қорытынды бөлімінде зерттеу жұмыстарының эмпирикалық болжамдарын дәлелдеу нәтижелері бойынша бірнеше тұжырымдарын ұсынған. Зерттеудің кең базасы, экспериментке Түркістан облысына қарасты Шымкент қаласының орта мектептерінен 286 мұғалім және Шымкент қаласының М.Әуезов атындағы оңтүстік Қазақстан университетінің 50 студент қатысты. Зерттеу 2019-2021 жылдар аралығында орындалатын жұмысқа қойылған мақсаттар мен міндеттерге сәйкес жүргізілді.

Экспериментке қатысқандар әртүрлі педагогикалық тәжірибесі бар орта мектептердің мұғалімдері, бастауыш сынып мұғалімдері, орта және жоғары деңгейлі мұғалімдер. Сабактың үлгісін анықтауда осы тәсіл педагогикалық толеранттықтың жалпы заңдылығы, оқылатын пәнге қарамастан, оқушылардың жасына қарай анықтады. Зерттеу әдістері: бақылау әдісі, мұғалімдерді зерттеу, тестілеу, эксперимент жүргізу, зерттеу материалдарын өңдеудің математикалық-статистикалық әдістері.

Тәжірибе мұғалімдердің педагогикалық қызметінің табиғи жағдайында жүргізілді, педагогикалық толеранттықтың қазіргі деңгейін, психологиялық мазмұнын, толерантты және төзімсіз (интолерантность) оқытушылардың жеке ерекшеліктерін, педагогтардың білім беру және тәрбие жұмысының тиімділігін анықтауға бағытталған.

Педагогикалық толеранттықты зерттеу үшін мынандай эмпирикалық деректер жинау әдістері пайдаланылды:

Педагогикалық жұмысқа икемділікті анықтайтын тестер, «Педагогикалық қабілеттілік» тесті, И.В. Никишинаның "Оқытушының өзін-өзі шығармашылық тұрғыдан дамыту қабілеті" атты әдістемесі, –Д.В.Зиновьевтің толық толеранттық көрсеткішін анықтау;

– В.В.Бойконың коммуникативтік толеранттықтың анықтамасы

Педагогикалық қызметтің тиімділігін зерттеу үшін Н.Б.Авалуеваның «Білім беру іс-әрекетінің тиімділігі коэффициенті» әдістемесі пайдаланылды.

Толерантты және төзімсіз (интолерантность) мұғалімдердің жеке ерекшеліктерін зерттеу үшін Кэттелланың 16PF көпфункционалды тұлғаны зерттеу әдісі пайдаланылды.

Автордың диссертациялық зерттеуі аясында қарастырылып отырған мәселенің өзектілігі мен зерттеудің негізгі нәтижелері Қазақстан Республикасының, жақын және алыс шетелдердің бірқатар ғылыми журналдарында, түрлі ғылыми басылымдарда жарияланды, халықаралық ірі конференциялардың материалдары мен баяндамаларының негізінде тақырыптың өзекті екендігі дәлелденген.

Зерттеу нәтижелері бойынша 10 ғылыми жұмыс жарияланды, соның ішінде 3 мақала – ҚР Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті анықтаған рецензияланған ғылыми басылымдар тізбесіне енгізілген журналдарда, 1 мақала – SCOPUS базасына кіретін рецензияланған халықаралық журналда және 4 мақала – халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар, 2 шетелдік халықаралық ғылыми-конференция материалдарында жарияланған.

Ботабаев Ғалымжан Еркебайұлының диссертациялық жұмысы ҚР БЖҒМ Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің қоятын талаптарына сәйкес келеді және «6D010300 – Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға толық лайықты. Жұмыс автордың өз бетінше, жеткілікті жоғары деңгейде орындаған және толық аяқталған ғылыми зерттеуі болып табылады.

Ботабаев Ғалымжан Еркебайұлының «Оқытушының арнайы қабілетін дамытудағы педагогикалық толеранттылықтың психологиялық мазмұны» тақырыбындағы докторлық диссертациясын «6D010300 – Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға диссертациялық кеңеске қорғауға ұсынуға лайықты деп есептеймін.

**Шетелдік ғылыми кеңесші,
Түркия Республикасы, Анкара қ.,
Гази Университетінің педагогика
ғылымдарының докторы,
профессор**

